

# Қазақтың қасиетін тану – Абайды танудан басталмак



Р. АЙМАМБЕТҰЛЫ,  
Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты  
«Рухани жақсылық» жобалық  
кеңесесінің директоры.

**2017 жылы бағдарламалық жоспар ретінде қабылданған Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жақсылық» атты мақаласы жалпы қазақстандықтардың, оның ішінде, әсіресе, қазақ халқының рухани жағынан бір серпілудіне, өз-өзіне үлт ретінде бір қарап, жан-жағына үлттық болмыспен, сыни көзқараспен бір шолып өтуіне мұрындық болған басты құжатқа айналғандығы ақиқат.**

Әлем күн өткен сайын, тіпті сағат сайын өзгеруде. Егер біз

санамыздағы түкке керек емес, тіпті зиянды қағидалар мен ақпараттардан уақытында арылмасақ, әлемдегі ірі мемлекеттермен тең дәрежеде емір сүре алмауымыз әбден мүмкін. Сол себептен де бізге, қазақ үлттына өзгеру керек. Бірақ ол оңай емес. Ол үшін өзімізді колға алып, заман ағымына икемделді арқылы жеке қабілеттерімізді, еңбектің арқасында табигат берген талантты дамытсақ, біз арқылы мемлекеттіміздің мәрейінің үстем болатыны анық.

Үлттың атын шығаратын үлі тұлғалар барышылық. «Ұлы Дағаның ұлы есімдері» деп бағдарламаның бір бөлігі жекер аталмаса керек. Заманымыздың заңғар жазушыларының бірі, қазақ тарихының билгірі Мұхтар Мағауин «Қазақтың қасиетін тану – Абайды танудан басталмак» деп жөн айтқан. Абай XIX ғасырдағы болсын, қазіргі заманғы болсын қазақ үлттының айнасы. Себебі қаншама жерден заман техникалық жағынан өзгергенімен, қазақ халқының бет-бейнесінің, мінез-құлқының, түсінігінің, болмысының көп бөлігі әлі де сол қалпында екендігін мойындаға тұра келді.

Еліміздің Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» және «Абай – рухани реформатор» атты еңбектері үлттымымыздың тарихына, тарихтағы ұлы тарихи тұлғаларға, олардың еңбектерін үлттық болмыспен қайта қарастыру көрсеткішін берген маңызды мақала деп ойлаймыз. Мақаланың Абай Құнанбайұлының танылған мәдениетшілермен қарастырылғандағы маңыздылығы мен рөлін сипаттастырылады.

мен үндестігін, рухани жаңғырударға оның елеңдері мен қара сөздерінің құндылығын, күнделікті емірдегі алатын орнын айқындаудағы алатын орны ерекше. Президенттің: «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық» - деп айтуының орны бар. 100-ден аса үлттың басы қосылған біздің еліміз үшін татулықтан, ынтымақтан артық құндылық болмауы тиіс. Абай шығармаларын оқып, насхаттау арқылы қазақ халқының үлттық қасиетін сақтаймыз.

Ұлы ақынның биылғы 175 жылдық мерейтойы қазақ оқырмандарын бір сәтке болсада Абай шығармаларын қайта бір қарап, ой елегінен өткізу-ге итермелеп отырғаны шындық. Біз үшін Абай кім? Абай шығармаларының рухани құндылықтарды жақсылықтарда орны қандай? Абай не дейді?

Осы сұрақтарға ғылыми тұрғыдан жауап беру мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының қабырғасында 2020 жылдың қазан айының 9 күні өткелі отырған «Абай әлемі» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының маңызы (қашықтықтан) ерекше. Конференцияға республикалықтың абылтанушы ғалымдарымен қатар, алғыстарғы Түркия елінің Абай шығармаларын қызыгуышылықпен зерттеп жүрген ғалымдары қатысқалы отыр.

Конференцияның негізгі мақсаты да Абайдың рухани мұрасының үлттық педагогикалық маңыздылығы мен рөлін ғылыми тұрғыда саралу болмак.